

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



**«Цифрлық дәуірдің құқық қолдану сын-тегеуріндері: электрондық
төлемдер мен ұшқышсыз әуе аппараттарын пайдалана отырып
жасалған қылмыстарды тергеп-тексеру әдістемесі»
тақырыбындағы**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ
ҰСЫНЫМДАРЫ**

**РЕКОМЕНДАЦИИ
МЕЖДУНАРОДНОГО КРУГЛОГО СТОЛА**

на тему:

**«Правоприменительные вызовы цифровой эпохи: методика
расследования преступлений с использованием электронных платежей и
беспилотных летательных аппаратов»**

Қосшы, 2026

«Цифрлық дәуірдің құқық қолдану сын-тегеуріндері: электрондық төлемдер мен ұшқышсыз әуе аппараттарын пайдалана отырып жасалған қылмыстарды тергеп-тексеру әдістемесі» тақырыбындағы халықаралық дөңгелек үстел (2026 жылғы 12 мамыр, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы)

ҰСЫНЫМДАРЫ

Дөңгелек үстел жұмысына Бас прокуратура, Қаржылық мониторинг агенттігі, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті, Бас әскери прокуратура, Ішкі істер министрлігі, Құқық қорғау органдары академиясының өкілдері, ғылыми қоғамдастық, шетел және халықаралық ұйымдардың сарапшылары қатысты.

Іс-шараға қатысушылар тәжірибе тұрғысынан да, теориялық аспектілерден де назар аударуды қажет ететін кейбір негізгі мәселелер туралы тәжірибелерімен және пікірлерімен бөлісті.

Баяндамалар мен оларды талқылау барысында қатысушылар электрондық төлемдер мен ұшқышсыз әуе аппараттарын пайдалана отырып жасалған қылмыстарды тергеп-тексеруді жетілдіруге бағытталған белгілі бір ұсыныстар мен ұсынымдар әзірледі. Халықаралық тәжірибені ұлттық заңнама мен тәжірибеге бейімдеу қажеттілігі атап өтілді.

Эмпирикалық деректер мен анықталған құқықтық қайшылықтарды талдау негізінде келесі **ұсыныстамдар** ұсынамыз:

1. Қылмыстық саясат және заң шығару саласында:

1.1. Қылмыстандыру тәсілін саралау. Ағымдағы қылмысты ашу деңгейі кезінде көрінеу орындалмайтын шара ретінде (тергеушілердің 93,2%-ы тәжірибесі жоқ) ҰҰА-ны (Беларусь Республикасының немесе Өзбекстанның үлгісі бойынша) пайдаланғаны үшін жекелеген қылмыс құрамын асығыс енгізуден бас тарту. Осы кезеңде ҚК-ні нақты баптау, яғни контрабанда, қару-жарақ пен есірткінің заңсыз айналымы, терроризм және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өміріне қол сұғушылық туралы баптарға «ҰҰА-ны пайдалана отырып» саралау белгісін енгізу басымдыққа ие екенін мойындау.

1.2. Дропперлердің әділетсіз мүліктік жауапкершілігін жою. ҚР АҚ-нің 917, 932-баптарын, егер оның жымқырудағы рөлі дәлелденбесе, транзиттің барлық сомасы емес, нақты алынған (ұсталған) кіріс шегінде ғана залалды өндіріп алу бөлігінде қолдануды қамтамасыз ету.

1.3. Шынайы өкіну институтын біріктіру. ҚР ҚК-нің 232-1-бабына ескертпесін заңсыз аударымдар үшін алынған табысты ерікті түрде өтеу туралы императивті шартпен толықтыру және мұндай өтініштерді СДТБТ-ға тіркеу міндетін нормативтік тұрғыдан бекіту (номенклатуралық істерге жасыру практикасын алып тастау).

2. Криминалистикалық әдістеме және дәлелдеу саласында:

2.1. Әдістеменің репрессиядан басымдығын мойындау. Академия мен уәкілетті органдарға «ҰҰА және төлем құралдарын (дропперлерді) пайдалана

отырып, қылмыстарды тергеп-тексерудің үлгілік криминалистикалық әдістемелерін» әзірлеу және енгізуді аяқтау ұсынылсын. Сауалнама деректері бойынша мұндай әдістерді енгізуді практикалық қызметкерлердің 85% қолдайды.

2.2. Сандық іздермен жұмыс істеу алгоритмдерін қалыптастыру. «Криминалистикалық дәрменсіздікті» еңсеру үшін телеметрияны, лог-файлдарды, бұлтты сервер деректерін және ҰҰА-мен ұшу тапсырмаларын алу, бекіту және талдау бойынша нақты регламенттерді бекіту (респонденттердің 83,3%-ы дрон операторын қалай анықтау керектігін білмейді, 38,2%-ы цифрлық іздерді танымайды).

2.3. Дропперлікті саралау мәселесін шешу. Қылмыстық уағдаластық пен хабардарлықтың дәлелі болмаған кезде алаяқтыққа жәрдемдесуді автоматты түрде айыптау практикасын (ҚК 28-бабы 5-бөлігі – 190-бабы) жол берілмейтін деп тану. Мұндай жағдайларда іс-әрекет ҚК-нің 232-1-бабы бойынша қатаң саралануы тиіс.

3. Ұйымдастырушылық және кадрлық қамтамасыз ету саласында:

3.1. Технологиялық тапшылықты жеңу. IT, авионика және криптовалюта саласындағы сараптамалық құзыреттердің жетіспеушілігін сыни фактор деп тану. «Цифрлық криминалистика: телеметрияны алу және ұшу платформаларымен жұмыс» және «Электрондық төлем жүйелері және блокчейн» бағдарламалары бойынша тергеушілерді нысаналы қайта даярлауға бастамашылық жасау.

3.2. Процесуалдық әуре-сарсаңның жолын кесу. ҚПК-нің 188-бабы 2-бөлігінің (цифрлық құқық бұзушылықтар бойынша жәбірленушінің орналасқан жері бойынша тергеп-тексеру) мүлтіксіз қолданылуын қадағалауды қамтамасыз ету, дропперлердің істерін негізсіз бөлуді және оларды басқа өңірлерге жіберуді болдырмау. Бұл жәбірленушілерге келтірілген залалдың орнын толтыруды қамтамасыз етпейді.

Дөңгелек үстелге қатысушылар электрондық төлемдер мен ұшқышсыз әуе аппараттарын пайдалана отырып жасалған қылмыстарды тергеп-тексеруді жетілдіру бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруға және осы ұсынымдарды одан әрі пысықтау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынуға дайын екендіктерін білдірді.

**Ұсынымдарды
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясының авторлық
ұжымы әзірледі**

РЕКОМЕНДАЦИИ

международного круглого стола на тему «Правоприменительные вызовы цифровой эпохи: методика расследования преступлений с использованием электронных платежей и беспилотных летательных аппаратов» (12 мая 2026 года, Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан)

В работе круглого стола приняли участие представители Генеральной прокуратуры, Агентства финансового мониторинга, Комитета правовой статистики и специальным учетам, Главной военной прокуратуры, Министерства внутренних дел, Академии правоохранительных органов, научного сообщества, эксперты зарубежных стран и международных организаций.

Участники мероприятия поделились опытом и мнениями о некоторых ключевых вопросах, на которые необходимо акцентировать внимание как с точки практики и так и теоретических аспектов.

В ходе докладов и их обсуждений, участниками были выработаны определенные предложения и рекомендации, направленные на совершенствование досудебного расследования преступлений с использованием электронных платежей и беспилотных летательных аппаратов. Отмечалась необходимость адаптации международного опыта к национальному законодательству и практикам.

На основе анализа эмпирических данных и выявленных правовых коллизий предлагаем следующие **рекомендации**:

1. В сфере уголовной политики и законотворчества:

1.1. Дифференцировать подход к криминализации. Отказаться от поспешного введения отдельных составов за использование БПЛА (по примеру Республики Беларусь или Узбекистана) как от заведомо неисполнимой меры при текущем уровне раскрываемости (93,2% следователей не имеют опыта). Признать, что на данном этапе приоритетнее точечная настройка УК, т.е. введение квалифицирующего признака «с использованием БПЛА» в статьи о контрабанде, незаконном обороте оружия и наркотиков, терроризме и посягательствах на жизнь сотрудников правоохранительных органов.

1.2. Устранить несправедливую имущественную ответственность дропперов. Обеспечить применение ст. 917, 932 ГК РК в части взыскания ущерба только в пределах реально полученного (удержанного) дроппером дохода, а не всей суммы транзита, если не доказана его роль в хищении.

1.3. Унифицировать институт деятельного раскаяния. Дополнить примечание к ст. 232-1 УК РК императивным условием о добровольном возмещении дохода, полученного за незаконные переводы, и нормативно закрепить обязанность регистрации таких обращений в ЕРДР (исключив практику сокрытия в номенклатурных делах).

2. В сфере криминалистической методики и доказывания:

2.1. Признать приоритет методики над репрессией. Рекомендовать Академии и уполномоченным органам завершить разработку и внедрение «Типовых криминалистических методик расследования преступлений с использованием БПЛА и платежных инструментов (дропов)». Внедрение таких методик, по данным опроса, поддерживают 85% практических работников.

2.2. Сформировать алгоритмы работы с цифровыми следами. Утвердить четкие регламенты по изъятию, фиксации и анализу телеметрии, лог-файлов, данных облачных серверов и полетных заданий БПЛА, чтобы преодолеть «криминалистическую беспомощность» (83,3% респондентов не знают, как идентифицировать оператора дрона, 38,2% не распознают цифровые следы).

2.3. Решить проблему квалификации дропперства. Признать недопустимой практику автоматического вменения пособничества в мошенничестве (ч.5 ст.28 – 190 УК) при отсутствии доказательств преступного сговора и осведомленности. В таких случаях деяние должно квалифицироваться строго по ст. 232-1 УК.

3. В сфере организационного и кадрового обеспечения:

3.1. Преодолеть технологический дефицит. Признать нехватку экспертных компетенций в области IT, авионики и криптовалют критическим фактором. Инициировать целевую переподготовку следователей по программам «Цифровая криминалистика: изъятие телеметрии и работа с полетными платформами» и «Электронные платежные системы и блокчейн».

3.2. Пресечь процессуальную волокиту. Обеспечить надзор за неукоснительное применение ч.2 ст. 188 УПК (расследование по месту нахождения потерпевшего по цифровым правонарушениям), исключив необоснованные выделения дел дропперов и их пересылку в другие регионы, что парализует возмещение ущерба потерпевшим.

Участники круглого стола выразили готовность продолжить совместную работу по совершенствованию досудебного расследования преступлений с использованием электронных платежей и беспилотных летательных аппаратов, и представить данные рекомендации в уполномоченные государственные органы для дальнейшей проработки.

**Рекомендации подготовлены
авторским коллективом
Академии правоохранительных органов
при Генеральной прокуратуре
Республики Казахстан**

Ұйымдастырушы:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау академиясы Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының Қылмыстық процесс проблемаларын зерттеу орталығы

Организатор:

Центр исследования проблем уголовного процесса Межведомственного научно-исследовательского института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан

Байланыс:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы

Республика к-сі, 94, Қосшы қаласы, Ақмола облысы

тел.: +7(71651) 68-170, 68-100

e-mail: apo-kanc@prokuror.kz

www: academy-gp.kz

Контакты:

Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан

ул. Республики 94, город Косшы, Акмолинская область

тел.: +7(71651) 68-170, 68-100

e-mail: apo-kanc@prokuror.kz

www: academy-gp.kz